

**Жұрын ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі № 30 "Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің Жұрын ауылындағы атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 09 ақпандағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 4230 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес Жұрын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жұрын ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 20 қыркүйектегі №30 "Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің Жұрын ауылындағы атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-9-150 болып тіркелген, 2011 жылғы 26 қазанда аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс мен толықтыру енгізілсін:

шешімнің 1 тармағы келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Жұрын ауылындағы атаусыз көшелеріне Абай Құнанбаев, Ахмет Жұбанов, Мир және тұйық көшелеріне Клуб, Диірмен атаулары берілсін.";

орыс тіліндегі шешімнің 3 тармағында "после" сөзінен кейін "дня его" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жұрын ауылдық округінің әкімі*

*Т.Абдірзақ*